

Б.К. ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ

## ЖАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ КЕЛЕШЕКТЕРИ

Қазіргі уақыттағы өлемдік даму негіздерінің ғаламдық тұрақсыздығы кезеңінде Қазақстан үшін өз жолын айқындау, ел аумағында тұратын барлық халықтардың рухани бірігі проблемасы барған сайын көкейкесті сипат алып отыр.

Еліміздегі ұлттық идея жөніндегі пікірталастың бастамашысы – Қазақстан президенті Н. Ә. Назарбаев. Елбасы жалпы ұлттық идеяны бағалай келіп, мемлекет басшысы оның негізгі мазмұнындағы Республиканың барлық этностарының достығын, тенденция мен тен күкүктылығын негіздеді.

Н. Ә. Назарбаев ұлттық идеяның бес негізгі ұстанымын белгіледі.

«Бірінші – барлық этностардың тенденция. Екінші – ұлттық сәйкестік, ана тілінде сөйлесуге ұмытылсыс, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дамыту. Үшінші – діни сәйкестік. Әркім жанына жақын дінді ұстанатын болсын. Төртінші – занға бағынушылық, адам занды бұзғанға дейін азат. Бесінші ұстаным ретінде ол орташа тапты қолдауды атады.

Қазақстанның ұлттық идеясының жүйелі негізі «Қазақстан–2030» стратегиясында: «ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттік, тұрғындардың экономикалық әл-ауқатына негізделген тәуелсіз, гүлденген және саяси тұракты мемлекет құру» [1], деп белгіленген болатын.

Қазақстан ұлттық идеологиясының базалық ұстанымдарын қалыптастыру басты бағыттарды және мемлекет дамуының бағдарларын бұдан ары қарай да анықтауға мүмкіндік жасайды, олай болса қоғамның барлық этникалық, әлеуметтік және әртүрлі жастағы топтараты өкілдерінің күшін ортақ мақсатқа біріктіруге мүмкіндік туады. Бұл мақсат – Қазақстанның гүлденуіне және өсіп-өркендеуіне қол жеткізу.

Сонымен қатар Қазақстанның ұлттық идеологиясы бүгінгі күннің ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің тарихи дәстүріне де негізделуі керек дегенмен келіспеуге болмайды. Бірақ дәстүр мен жаңалықты қоғамдық даму бағдарламаларына қалай жарасымды етіп лайықтауға болады?

Бұған жауап беру үшін Қазақстан қоғамы дамуының әртүрлі кезеңіндегі ұлттық идеяны қалыптастыру өрекетіне талдау жасап көрейік.

ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңындағы қазактардың ұлттық идеясы деп шартты турде: «Бостандық», «Тәуелсіздік», «Ұлттық тенденция» деген ұрандарды атауға болады. Бұл реттегі біздін

ойларымызды ҚР ҰФА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Фарифолла Есім маңызды деген мына мәселелермен толықтырады.

«Әрине, тәуелсіздік философиясы рух тәуелсіздігімен анықталмақ. Менін түсінігімде халықтың рух тәуелсіздігі – ұлттық мемлекетке қатысты. Біздер, яғни қазақстанның көрінісі саяси еркіндігімізді мемлекетке келісім түрінде өткіздік. Сол үшін бізді мемлекет қорғауға, өмір сүрге жағдайлар жасауға міндетті. Бірақ осы келісімді мемлекет қалай атқарып отыр, оны біз қалай түсініп күн көріп жатырмыз, оның бәрі проблемалар.

Проблема бар жерде айтыс бар, тартыс бар, шындық бар, жалған айту да бар, бәрі де болмак, себебі, өмір сүру киын, ал ұлт, халық, мемлекет болып, мынау додаға түскен XXI ғасырда өмір сүру киынның киыны, алайда Асан қайғы анықтап берген Жерүйік – Қазақстанға иелігіміз тек біздің ғана емес, үрпақтар қамы екенін сезініп, соған сай қарапетіміз болса екен деген игі үміт сөнбесе екен» [2].

Ұзақ уақыт бойы қазақстанның жалпы ұлттық идея ретінде тәуелсіз мемлекет құру мақсаты қызмет атқарып келді. Алайда осы мақсатқа жете салысымен, Қазақстан қоғамы дамуының бағдарын іздестіру проблемасы кайтадан көкейтесті мәселеге айналды. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті құрылған сәттен бастап ұлттық идея қалыптастыру проблемасы төнірегіндегі пікірталастардың қаншалықты өткір әрі мағыналы болғанын еске түсірейік.

Сонымен 90-шы жылдары ұлттық идея тиімді мемлекет құру болды, кеңірек айтқанда – тәуелсіздік идеясы. Бұл ой «Тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы стратегиясы» және «Қоғамның идеялық бірлігі – Қазақстан дамуының шарты» секілді маңызды құжаттарда көрініс тапты. Бұларда ел дамуының қазақстанның отаншылдық идеясы, халықтың күкүктық мәдениет, әлеуметтік серіктестік идеясы секілді басым бағыттар анықталды.

Ұлттық идеяны іздестіру бағытындағы маңызды қадамдардың бірі «Қазақстан Республикасындағы тарихи танымның қалыптасуу концепциясы» болды. Бұл құжат бойынша, қазақстанның отаншылдықты тәрбиелеудің негізіне Қазақстан халықтың бірлігі мен тұтастығы идеясы айналуға тиис болды. Белсенді экономикалық реформалар кезеңіндегі мемлекет пен Қазақстан қоғамының

басты міндеті кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес болды. Ақырында 90-шы жылдардың ортасында пікірталас бағыты біріктіруші интеграциялық идея жағына қарай ауысты.

Еуразиялық интеграцияның негізін қалау Қазақстан ұлттық идеясын айқындау жолындағы маңызды кадам болған секілді. Мемлекет басшысының ұлттық идея түрін одан өрі айқындаудың негізгі бағыттарын қалыптастыруы қазақстандық ұлттық идеяны іздеудің белгіленген жолдарының кисынды жалғасы болды. Бұл идея бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жок.

— ұлттық рухты сақтау үшін басты нәрсе — сыртқы жауды іздеу емес, өзіндік ұлттық болмысты дамыту;

— біздің тұйық емес, керісінше, өте ұлкен ғаламдық қоғамда өмір сүретінімізді түсінуіміз керек. Барлық басты қауіп пен ұлттық таным үшін қатер осы ғаламдық қоғамнан төнеді;

— өз «этностиғын» сақтау, ұлттығын сақтау — казактардың ғана проблемасы емес. Бұл — елдегі қоныстанған барлық ұлт топтарының проблемасы.

Қазақстан президенті мәлімдеген ұлттық идеяны қалыптастыру жолы азаматтық және этномәдени ұлт ұстанымына негізделген Қазақстан қоғамының көп этностиғынан бастау алады. Мемлекет басшысының бұл қафидасы ондаған жылдар бойы дамып, жаңа мазмұнмен байыды, оны колдаушылар қатары арта түсті.

Алайда еліміз дамуының басты бағыттары туралы пікірталас осымен біржолата аяқталды деуге болмайды. Керісінше, Қазақстан қуатты тәуелсіз мемлекет болған бүгінгі күні де қазақстандық ұлттық идеологияны қалыптастыру мәселесі қекейкестілігін жоғалтқан жок.

Елді дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығаратын жаңа басымдықтарды, ұлттық идеяны іздеистіру өлі жүріп жатыр. Сонымен қатар қазіргі уақытта ұзак мерзімдік ұлттық идеологияны айқындаудың қажеттілігі туды.

Жалпы бұл мәселе ТМД елдерінің көбісінде ортақ. Өйткені кеңестік кезеңнен кейінгі кеңестіктері республикалардың жас саяси жүйесіндегі құнды бағдарлардың мемлекет құруды мен қоныстанған барлық қоғамның мемлекеттің қайта құруларын «толық түсінбеушілігін» тудырады. Билік бос қалдырған

Ұлттық идеология негіздерінің ұзак мерзімге бағытталуы қоғамды әлеуметтік түрғыда біріктіру үшін қолайлы жағдай қалыптастыратыны айдан анық.

Сонымен қатар жаңа құндылықтар мен рухани бағдарлар іздеистіруді елемеу ішкі ширініздердің және билік пен қоғам арасындағы бөлінүү мен түсініспеушілікті арттыра түсетіні белгілі. Түрғындарға реформаның түсінікті идеологиялық ұстанымын ұсына алмаушылық қоғамның мемлекеттің қайта құруларын «толық түсінбеушілігін» тудырады. Билік бос қалдырған

ан идеологиялық кеңестік ішкі немесе сыртқы бүлдіргіш құштер оны өз ықпалын тарататын аланға айналуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстан басшылығының көнілі биліктің XXI ғасырға бағытталған қайта құруларын идеологиялық түрғыда негіздейтін «ұлт міндетін» қалыптастыру қажеттілігіне ауған. Кең мағынасында бұл — «қазақстандық отансүйгіштікін» міндеті.

Мемлекет пен қоғам үшін «Ұлт міндеті» — әлемдік қатым-қатынастағы өзінің орны мен рөлін айқындау. Ұлттық идеологияның негізгі құрамдас бөліктерін іздеистіру қашанды да көптеген проблема мен қындыққа толы болады. Бұл турасындағы ойларымызды алашшыл жазушы Жұсіпбек Аймауытовтың сол кездегі төмөндегі мына жазбалары қуаттайды.

«Актығында айтпағым: оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жириенбей, жақын жүріп, сырласып, мұн-мұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүюге, халыққа өзін сүйгізуге жинат қылуы керек. Естерінізде болын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қын, баласына осы бастаң ұлт рухын сініріп, қазақ өміріне жақындатып, тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиеін алған бала ұлт қызметкери бола алмайды. Қазаққа аюдай ақырган шенеунік табылу онай; ерінбей-жалықпай, бақырмай, шакырмай іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылу қын. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғак бектің керегі жок; адад күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы-оқығандар. Бекерге кеткен сағат, босқа откізген минут — ұлт ісіне зор шығын.

Оқығандар! Уақыттан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сініретін уақыт. Ойланыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанмыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр [2].

Бүгінгі ғаламдану жағдайындағы Қазақстан алдында түрған ең маңызды міндет — елге тән даму ерекшеліктерін мінсіз саяси үлгі құрудың бүкілдүниежүзілік трендтерімен ұштастыру. Қазақстан «ұлт міндетін» іздеистіру мәселесінде қазіргі саяси жүйелерді басшылыққа алуы тиіс пе, әлде Республиканың ұлттық болмысына сүйеніп, өз дәстүрі мен ерекшеліктерін басшылыққа алу қажет пе? Қазақ этносы мен Қазақстан аумағындағы түрьип жатқан басқа халық өкілдерінің әлеуметтік-мәдени біртұтастығына қалайша қол жеткізуге болады? Бұл сұрактардың жауабы тұтастай қазақстандық ұлтка арналған ортақ құнды бағдарлар құруды қажетсінеді.

Қазақстанға арналған ұлттық идеология құру көптеген маңызды мәселелерге жауап іздеуден тұрады. Мәселен, Қазақстан тұрғындарын саяси ұлт ретінде белгілеуге арналған объективті алғышарттар бар ма? Еліміздің болашақтағы даму жолдарын анықтау бұл сұрақтың жауабын беріп қана қоймайды, оның өткенін түсінуге де жағдай жасайды.

Қазақстандық қоғам үшін ұлттық саясат ауқымындағы басты сұрақ Қазақстанда қалыптастын ұлттың сипаты мәселесі болып отыр. Бұл арадағы өтетін шектеу сыйыры: ұлттық азшылық түріндегі этникалық казақ ұлты және саяси ұлт – этникалық қауымдастық ретіндегі азаматтастық.

Қазіргі кезде еліміз басшылығы ұлтты – француз ұлты үлгісіндегі саяси қауымдастық ретіндегі азаматтастық мемлекетті қалыптастыруға ұмтылуда. Біртұтас тілдік саясат, мемлекеттің ұлттық азшылықпен қатынасын реттеу, азаматтық құндылықтардың этностық құндылықтан артықшылығын қалыптастыру міндеттері осыдан бастау алады.

Бұл маңызды міндеттерді қандай жолмен табысты шешүгे болады? Мұндай бірнеше бағытты белгілеуге болады:

- Қазақстанның экономикалық және саяси саласын жаңарту;
- тиімді әлеуметтік саясат;
- денсаулық сактау және білім беру қызметі деңгейін көтеру;
- демографиялық проблемаларды шешу, тұрғындар санын арттыру;
- этникалық тепе-тендікті қолдау және миграция проблемасына бакылауды күшету;
- ішкі және аймақтық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қолдау;
- қазақстандықтардың материалдық және рухани дамуына көмектесуге бағытталған әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларды жүзеге асуру;
- ауылды қайта тұлету;
- Қазақстан халқы өкілдерінің өз мәдениетін, тілін, әдебиетін, тарихи отандарымен байланысын дамыту.

Ұлттық идеология негіздерін қалыптастыру қазақстандық қоғамның ішкі дамуына ғана қызмет етпей, сонымен қатар халықаралық ауқымдағы Қазақстанның жақсы және тартымды бейнесін қалыптастыруға көмектесі, мемлекеттің ғаламдық және аймақтық деңгейдегі интеграциялануына жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің әлемнің бәсекеге кабілетті елу елінің катарына енүі бойынша стратегиялық бағдарламасының жүзеге асуы, республикамыздың барша халқының қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық өмірінің түгел саласын

жаңарту жолында белсенді де саналы қатысуын талап етіп отырғаны анық. Мемлекетті саяси-экономикалық тұрғыда жедел жаңарту жолындағы бірқатар мемлекеттердің (Жапония, Германия, Сингапур) тәжірибесі халықтың басым бөлігі жаңарту саясатын саналы түрде қолдаған уақытта бұл мақсат, қандай киындықтар кезікпесін оның мүмкін болатындығын көрсетіп отыр. Елді әлеуметтік-экономикалық тұрғыда жаңарту ісінің жылдам жылжуының аса маңызды факторы – халықтың патриотизмі болып табылады.

Алайда, «әлеуметтік және рухани күйзеліс» пен экономикалық дағдарысты бастаған өткерген елімізде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және оны өрі қарай дамыту проблемасы айтартылған өткір болып тұрғаны шындық. Бұл мәселе, шындалп келгенде, тіл саласын айтпағанда тіпті көп талқылана берілмейді де. Халықты патриоттық тұрғыда тәрбиелеуді қалыптастыру мен оны дамыта түсіндін тиімді жүйесін құру қазіргі таңда өзекті мәселеге айналған. Осы орайда бұл міндеттің он шешілүіне Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің әлемнің бәсекеге кабілетті мемлекеттерінің катарына қосылу стратегиясының жүзеге асырылуы өзіндік септігін тигізбек.

Қазақстан халқын патриоттық тұрғыда тәрбиелеу Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев анықтап берген әлеуметтік саясатын басымдығы ретінде және патриоттық тәрбиелеудің тиімді жүйесін құруға кол ұшын беру мақсатында жүзеге асырылып келеді.

Қазіргі уақытта патриоттық тәрбиелеу мәселесі азды-көпті болса да мектеп қабырғасы мен жастар ортасында назарға алынып, жұмыс жүргізіліп отыр. Бір қуанарлығы соңғы жылдары республикамызда білім беру саласында патриоттық тәрбиелеу жүйесін жолға кою ісі колға алынды. Балалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздері мен әнұранын, республика аумағында тұрып жатқан халықтардың тарихы мен дәстүрін алғаш дәл осы мектеп, мектепке дейнігі мекемелер қабырғасында тани бастайды.

Бұгінде мемлекеттік жастар саясаты шенберінде жастарды патриоттық тәрбиелеу саласындағы бағдарламаның жүзеге асырылуы басталды. Аталған бағдарлама негізінен білім беру жүйесіне, ең алдымен орта білімге бағыт алған. Жоғарғы білім саласындағы патриоттық тәрбиелеу мәселесіне аз көніл болінген. Өкінішке қарай, бағдарламада халықты патриоттық тәрбиелеуде үкіметтік емес үйімдардың қатысу мүмкіндіктері аз ескерілген, басымдық жастар үйімдарына беріліп отыр.

Ал ересек азаматтар арасында мұндай жұмыс жасалу керектігі ешбір деңгейде көрініс таптайты. Отбасындағы тәрбие проблемасы қазіргі тан-

дағы патриоттық тәрбиелу ісіндегі «әлсіз буынға» айналып отыр. Төменде осы проблемаларға толығырақ тоқталып өтпекпіз.

Патриотизм түсінігі мен оның мәні. Патриотизм түсінігі және оның мазмұны, бір жағынан алғанда, аса қарапайым болғанымен, екінші жағынан алғанда, оның қамтитын саласы кең, кейде тіпті қарама қайшы мағынадағы ұғымдарды қамтыған. Мысалы, сүйіспеншілік пен жеккөрушілік. Ең кең тараған анықтамаларға тоқталсак.

Патриотизм (грек сөзінен: *patriotes* – отандас, *жерлес*, *patris* – отан) өз отанына, туған жерінде деген мағаббат, өз халқына адалдық дегенді ұғындырады. Патриотизм түрлі тарихи кезеңдерде түрліше өлеуметтік мазмұнға ие болған. Патриотизмге тән деген белгілер – ол өзінін тарихи отаның үшін мактанды, өз мемлекетінде деген сүйіспеншілікпен карау мен адалдық болып табылады. Сонымен бірге ұлт, тіл, территория, мемлекет және т.б. патриотизм проблемасының манызды аспектісі саналады.

Аталған грек сөзінің түбірі «*pater, patros*» – әке болып табылады. Сонымен «*жерлес*» және «әке» сөздері патриотизм түсінігінегіз болып табылады еken, сондыктан сөздіктер патриотизмді «отанға, туған жерге» деген мағаббат, одан кейін «өз халқына деген сүйіспеншілік» (жер-әке-отбасы-халық) деп түсіндіреді.

Сөздің этимологиясы қандай? Бұл сөз алғашында орыс тіліне, кейін қазақ тіліне француз тіліндегі «*patriote*» – «отаның ұлы» сөзінен алынған, ал француз тіліне ол ортағасырлық латын сөзі - «*patriota*» және гректің «*patria*» сөзінің жүрнактық туындысынан келген. Бұл сөздің қыска да нұсқа түсіндірмесі В.Дальдің түсіндірмелі сөздігінде берілген: «отанды сүюші, оның игілігін ойлаушы, отанға адал немесе отаншыл».

Түрлі сөздіктердегі «патриотизм» сөзінің түсіндірмелеріне тоқталмай-ақ қоялық. Сөздің анықтамасы бойынша қорытындыларды атап өтсек жетерлік. Алғашкы ерекшелігі XX ғасырдың екінші кезеңіндегі сөздіктердегі стереотиптілік. Екіншіден, жалпыға ортақ құндылықтарды стереотипке айналдыру – егерде ол идеологиялық астарға ие болмағанда әрине мактауға тұрарлық еді. Үшінші фактор екіншісінен келіп шығады: ол кезде буржуазиялық және социалистік патриотизмді қарама қарсы қою жүрді. Қарапайым, мәселенің мән-жайынан хабардар болмаған адамға кай жағына шықсам еken деген таңдау жасауға тұра келеді. Төртінші - әрбір сөздік сөздің басты түсінігіне салмақ салады (әскери - әскери патриотизге, саяси - саяси мәніне және т.б.). Бесіншіден, XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік сөздіктерде патриотизм сөзінің басты арқауы ретінде «шынайы

патриотизм космополитизммен де ұлтшылдықпен де сәйкес келмейді деген» ұғым жатты. Алтыншыдан, XIX ғасырдың сонында Владимир Соловьев патриотизмді табиғи және адамгершілікті сезімге ие діни және ұлттық деп бөледі. Енді «Қазіргі заманғы ұғымдар мен терминдердің сөздігінде» берілген анықтамаға тоқталалық. Ол жерде миллиондаған адамдарға таныс және адамға жақын түсіндірмесі берілген: «Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік пен адалдық, оны жаулардан қорғауға дайын болу».

Осылайша, патриотизм сөзінің түп тамырын анықтап, идеологиялық және уақыттық астарларын ашып алып барып, бізге нақты тарихи кезеңде қандай патриотизм қажет екендігін нақ және дәл ұғына барып, өзіміздің және өзге ұлттардың тарихи тәжірибесін зерттей келе, басқада бар нәрсениң соқыр қошірмесін жасамай, еліміздегі халықтардың менталитетін, тілін, мәдениеті мен дәстүрін, ең алдымен қазақ ұлтының талап-тілегін назарға ала тұра тәуелсіз Қазақстанның патриотизмі проблемасы жайлы айтуға болады.

Қазақстан егемендік алған алғашкы жылдардан бастап-ақ бұқаралық құралдарында және ғалымдар ортасында ұлттық мемлекет құру, ұлттық идея, қоғамды топтастыру және патриотизм мәселелері айналасында қызу пікірталастар жүріп, белсенді түрде талқыланған бастады.

Президент Н.Ә.Назарбаев біздің еліміздің ерекшелігіне байланысты бұл күрделі мәселені үздіксіз өз назарынан тыс қалдыраймай келеді. Бұл жағдай ел басшылығын қоғамдық назарға түрлі этностар мен конфессиялардың өкілдерін ортақ үй, ортақ отан идеясы астында топтастыруда өзара келісім мен өзара түсіністік идеологиясының нығаюы жолында мол күш-жігер жұмсауға міндеттеп отыр.

Осындай біріктіруші және біріктірілген идеологияның элементтерін өндөу патриотизм доминантына сүйене отырып келді және келе жатыр да. Мұндай жағдай ешқашан кездеспеген десе де болады. Қазақстанның дамуы сол дамуды түрліше түсінетін адамдардың қолдауын қажет етеді. Ен бастысы - барлығы да дамуға мүдделі болып отыр.

Ел Президенті қоғамдық дамудың барша аспектілерін ескере отырып, экономикалық реформалар жүзеге асуы үшін бір тудың астына бірігуді алға қояды. Максат - экономикалық реформалар жүзеге асып, әрбір адамның, отан үшін тынбай енбек етіп елдің жанаруы мен дами түсүіне үлес косқан азаматтардың тұрмыстық жағдайын жақсарту.

Н.Ә.Назарбаевтың республикамызының саяси жүйесін реформалаудағы барша үмтүлыштары нақты келгенде аталған бағдарлар шенберінде жатқаны анық. Ен бастысы – жаңа патриотизм

мен Қазақстан азаматтарының өз Отаны, қазіргі үйі әрбір жан өз бақты мен мұратына жете алатын орынға айналатынын ұғынуудың қалыптасуына, белгілі бір концептуалды-құқықтық және экономикалық базаның негізі қаланды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының V сессиясында ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлттық келісім – Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының кепілі» атты баяндамасында «Осы заманға сай болу жолында ұлттық «Меніңнен» айырылып қалмай, қазак – қазақ, орыс – орыс, татар – татар болып қала беру үшін не істеуге болады?» деген саяул таstadtы.

Ұлттың табиғи мақсаты - өсіп-өркендеу. Ұзак уақыт бойы біз ой жүгіртіп, талқыға салып келісімге келе алмай отырған ұлттық идеямыз қандай болу керек?

Ұлттық идея – уақыт талабы, өсірсесе жана мемлекеттердің қалыптасуы жағдайында қоғамның барша мүшелерін топтастыруши кажетті дүние. Қазіргі уақытта оны жасау жолында көпте-ген идеялар мен тұжырымдар жасалған. Алайда, өзірге біздің саяси технологиямыз халықтың санасына жағымды, барша қабылдайтын мардымды ештене ойлап таба алмай отыр.

Қоپшілік ұлттық, біріктіруші идея жастардың білімділігінде, елдің жастарын оқытуда деп санайды.

Әрине, ұлттық идея – ол мәдениет те, білім де, тәрбие де, жастарға қамқорлық көрсету де солай жалғастыра беруге болады. Қалай болса да ол Қазақстан халқын, ең бірінші байырғы халық, қазақ халқын бір тудың астында біріктіре алатын

болуы керек. Міне дәл осы біріктіруші идеяның қайнар көзі туралы айту, ойлау, өзара тиімді нұктелерді таба білу кын болып отыр.

Біз ғасырлар бойы құрылыш жинақталған дүниелердің көбін қиратып, бұйрық пен нұскаулар арқылы тыйым салдық, бірақ та мындаған жылдар бойында қалыптасқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтап қала білдік. Тарихымыз, мәдениетіміз, дініміз, тіліміз сакталды, сондықтан да біз жоғалып кетпей ұлт ретінде аман қалдық.

Кенестік заман әлі ел есінде. Ол заман көпшілік бойында ұмытылmas із қалдырған рас. Әрине, ол заманың жағым, оң тұстары да аз болған жок. КСРО-ның күйреуімен бірге бір тудың астына біріктіруші идеяда жоғалды. Ұлттық идея жөнінде бізде әлі қызу пікірталастар жалғасып жатыр. XX ғасырдың ортасында соғыстан женіліс тапкан Германия мен Жапониядағы болған халықты топтастырып, елді алға сүйреген, нәтижесінде өркендеген мемлекеттер қатарына шығарғандай ұлттық идеяны бізде қалыптастыру болашақ еншісіне қалып отырғандай.

Сонымен бірге, көпшілік ұлттың табиғи мақсаты - өркендеу деген ойға келіседі. Яғни ұлттық идеясы бар халық өрқашанда өркендеуге ұмтылады деген сөз.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан–2030» стратегиясы. – Астана, 2007 ж. 5 б.
2. Есім F. Тәуелсіздік философиясы // Алаштану. 01.0.2008. 112 б.
3. Аймауытов Ж. Ұлттың сую // Қазақ альманагы. 2009. №2. 95 б.